

FTAMP 17.71.01

Ж. Мамбетов¹, Р. Адай²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ҚАҺАРМАННЫҢ ПОРТРЕТІ ЖӘНЕ ОНЫ БАЛА ҰҒЫМЫНА САЙ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Ерліктің, Отан сүйгіштіктің, белгілі бір мақсат жолында жан аямай күресетіндіктің, намыстылықтың неше алуан үлгісін танытатын қаһармандар эпос туындыларында көптеп кездеседі. Әсіресе қаһармандық жырларды ел жүрегіне жақын ететін олардың отаншылдық идеясы. Адам қоғамы дамуының барлық кезеңінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі ең күрделі мәселе болып келген. Дәл осы арман батырлық жырлардың айрықша сипаты болып табылады. Қазақ эпосының күрделі бөлігін құрайтын батырлар жырында осы белгілер толығымен бар. Әрине әрбір жырдың құрылысына, идеялық бағытына лайық ерлік идеясы түрлі дәрежеде көрініс береді. Батырлық жырлардағы ерліктік сипаты өзгеше. «Жеңілмейтін қаһармандарды» суреттеуі және оның басына ең асыл қасиеттерді жиып беруі халық қиялының шексіздігін көрсетеді және эпикалық жырлардың ерекшелігін танытады.

Түйін сөздер: қазақ эпосы, эпос туындылары, батырлық жырлар.

Abstract. In epic works there are heroes who show a variety of heroic deeds, Patriotic feelings, impartiality on the way to a certain goal. Especially the Patriotic idea of heroes, which is approaching the heart of the country. At all stages of development of human society the problem of protection of tranquility, integrity of a sort, tribes, state associations, overcoming of the enemy and establishment of happy life became the most difficult. It is this dream that is the special character of the heroic ages. In the works of the batyrs, which constitute a complex part of the Kazakh epic, these signs are fully present. Of course, the idea of heroism, which deserves the ideological orientation of each work, manifests itself in different degrees. In heroic songs the character of heroism is different. The description of “invincible heroes” and the stuffing on his head of the noblest qualities shows the infinity of the popular imagination and exhibits the peculiarities of epic songs.

Keywords: kazakh epic, epic works, heroic epic.

Аннотация. В эпосных произведениях присутствуют герои, проявляющие многообразие героических подвигов, патриотических

чувств, беспристрастности на пути к определенной цели. Особенно патриотическая идея героев, которая приближается к сердцу страны. На всех этапах развития человеческого общества проблема защиты спокойствия, целостности рода, племен, государственных объединений, преодоления врага и установления счастливой жизни стала самой сложной. Именно это мечта является особенным характером героических эпох. В произведениях батыров, составляющих сложную часть казахского эпоса, эти знаки полностью присутствуют. Конечно, идея героизма, заслуживающая идейной направленности каждого произведения, проявляется в разной степени. В героических песнях характер героизма отличается. Описание «непобедимых героев» и набивка на его голову самых благородных качеств показывает бесконечность народного воображения и проявляет особенности эпических песен.

Ключевые слова: казахский эпос, эпосные произведения, произведения батыров.

Жас ұрпақтың еліне, жеріне деген асыл сезімдерін ұштауға әдебиеттегі шығармалардың тигізетін ықпалы шексіз. Ауыз әдебиетінің ерте заманнан ескірмей ұрпақтан–ұрпаққа ауысып отырған күрделі де мол бір саласы — батырлар жыры. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың негізгі мақсаты- қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында өзіндік белсенділік көрсете алатын, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, әдеби туындыда бейнеленген құбылысты көркем қабылдауға қажетті білім, білік дағдылармен қаруланған, жан- жақты дамыған білімді, құзыретті тұлға қалыптастыру.

Ауыз әдебиетінің ең үлкен саласының бірі ретінде батырлар жырын педагогика ғылымы тұрғысынан зерттесе , патриоттық тәрбие туралы ұғымдар ашылар еді. Белгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев: «Ел халық санасымен жасалған «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Көроғлы», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» сияқты жырларында ел тәуелсіздігін сыртқы жаулардан қорғау сарыны үстем» деген [1]. Қаһармандық жырларда көбіне жорыққа қамдану немесе жаудан қорғану жағдайында жасалған негізгі идея – ел қорғау, батырлықты ең жоғары мұрат ретінде суреттеу болды. Қазақ халқының елі мен жерін қорғау басты мақсат екендігін дәріптеу жырларға арқау болған. Батырлар өздері қаруымен қорған, тілімен тосқауыл бола білген жорықшы жыраулардың азаматтық толғаулары елдік пен ерлікті дәріптеді. Осы орайда жыраулық поэзия өкілдері көшпелілердің этикалық және эстетикалық сұранысына сай қаһарман тұлғасының ортақ моделін сомдап берді Батырдың халыққа қамқоршы болу арманы, сол жолдағы іс-әрекеті жырлануы арқылы оның өз-үй ішіне, өз руына деген сүйіспеншілігі, де айқындалады.

Қазақ тарихының әрбір кезеңі, яғни ел басынан өткен, халық тағдырында терең із қалдырған тарихи, саяси оқиғалар енді нақты тарихи тұлғалардың - қазақ батырларының бейнесі арқылы, солар өмір кешкен, азаттық жолында арпалысып өткен заман, уақыт кеңістігі арқылы көркем шежіреленді.

Батырлар жырындағы қаһармандар жеке басының қамы үшін емес, елдің амандығы, бүтіндігі үшін күреседі. Айталық, «Алпамыс батыр» жыры халықтың бірлігін, тұтастығын, ынтымағын армандаудан туған. Жырдың басты қаһарманы – Алпамыстың батырлық күші жауынгерлік жорықта ерекше көзге түседі. Алпамыс тиіскен жауларын жермен жексен етіп, ойран- жоса қылады. Халық Алпамысты жағымды жағынан көрсетіп, оны шын батыр адамға тән болып келетін асыл қасиеттермен қастерлеген. Ол әрі батыр, әрі батыл, әрі ақылды, әрі күшті, әрі өжет. Халық өзінің батырын қарапайым, жауынгер адамның бойынан табылатын ізгі мінездерге бөлеп көрсеткен. Оның ерлігін, күштілігін, қайтпас қайсарлығын көрсету үшін ақын-жыршылар Алпамысты ерекше сипаттаған. Алпамыстың жас бала кезіндегі сипатын төмендегіше жырлайды:

...Алар бүркіт сияқты,
Айбатты бала қабағы.
Сұлулықтан кемі жоқ,
Қоңыратта теңі жоқ,
Тайпалмастай табаны.
Арыстандай айбатын,
Тұлғалы сымбат қайратын
Кеміте алмас көргенде
Дүниенің адамы...

Алпамыстың сымбатты түр тұлғасына қарай, ішкі жан сарайы да сұлу. Оның бойынан табылатын алып күш басқа абзал қасиеттерімен үнемі астарласып жатады.

Қазақтың батырлар жырының ішінде өзінің идеялық мазмұнының бағалылығы, оқиға желісінің қызықтылығы, тілінің шұрайлылығы жағынан ерекше көзге түсетін жырдың бірі - «Ер Тарғын». Бұл жырда Тарғын бір рудың емес, барша жұрттың батыры ретінде ерекшеленді. Ол басқыншы жаулардан елін қорғайды, сол елдің бүтіндігі мен бірлігін сақтауға қызмет етеді. Жырдағы Тарғын қалың қол бастаған батыр болып көрінбейді. Ол жеке ұрыстарда айрықша ерлік жасаған, сонысы үшін ер атанған адам. Сондықтан да халық жыры оны ел қорғау жолында, жеке ұрыстарда жауын жеңіп көзге түскен ер деп ардақтайды [2].

«Қобыланды батыр» жыры да халықтық сипаты мол, ертеден келе жатқан жырдың бірі. Қобыланды батыр жырында қаһарманды былай суреттейді:

Алты жасқа келгенде
Арыстан туған Қобылан
Қазынадан қамқа киеді.
Өзімнің еншім болсын деп,
Тобылғы меңді торы атты
Енші қылып мінеді.
Қобыландының тілегін
Бүкіл қыпшақ тіледі.
Өзі алты жасында
Кәмшат бөркі басында,
Тобылғы торы ат астында,
Қаршығасы қолында,
Тазысын ерткен соңында...

Қобыланды бұл жырда ел қорғаны болған, елінің мақтаны, айдыны болған батыр. Қобыландының батырлық мінезін, батырлық туысын ел әңгімесі өзінше толық қылып, батырдың бүтін пішінін жасап шығарғандай болады.

Қазақта ежелден жерін жаудан, елін езгіден, қызын күндіктен, ұлын құлдыктан қорғап, ел қорғаны болған ерлер көп. Батырлық – қазақтың қанына біткен қасиет. «Малын – жанының, жанын арының садағасы» санаған қазақ қай кезде де жауға қасқайып қарсы тұрған. Ұлан-ғайыр атырап сол арда азаматтардың арқасында бүгінгі ұрпаққа мұра болды. Сол қаһармандардың басынан өткерген қилы-қилы оқиғалар бізге «Батырлар жыры» арқылы жетті. Батырлық жырлардағы ерліктік сипаты өзгеше. Мұндағы қаһармандар ел үшін қандай да болмасын қауіпке қарсы барады, жаулармен арпалысады, неше түрлі сергелдең, сарсаңға, ауыр сындарға душар болады; ақырында жеңіске, мұратына жетеді. Міне, осындай «жеңілмейтін қаһармандарды» суреттеуі және оның басына ең асыл қасиеттерді жиып беруі халық қиялының шексіздігін көрсетеді және эпикалық жырлардың ерекшелігін танытады. «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр» жырларының да жетекші сарыны ел мүддесі үшін жасалған ерлікті мадақтау.

Эпостық жырлардың қай-қайсысында да бірінші кезекте негізгі қаһарманның күш-қайраты, ептілігі, шабандоздық, мергендік, найзаласу, қылыштасу, күресу сияқты қасиеттері дәріптеле бейнеленеді. Мәселен, Қобыланды батыр алты жасынан атқа шабу, садақ ату, балуандық өнерлерін жетік игерсе, Ер Тарғынның бойындағы ерен күш пен мергендік өнер де осал соқпайды. Жыр қаһармандары хас батырдың бойында болуға тиісті жігіттік өнерге толық жетілгенде ғана ерлік істерге араласады. Қай жырға зер салсаңыз да жыр мазмұны негізгі қаһарманның өзін ғана емес,

Отанын қорғауға лайық деңгейге көтерілуі үшін оның бойындағы күш-қайраттың толысуы қажеттігін айқын аңғартады. Сондықтан да батырдың күш-қуаты көрінетін сәттер бейнеленгенде жыр тілі де құдіреттеніп кетеді.

Эпикалық шығармаларды оқушыларға оқыту арқылы оқырмандық қабілетін дамытумен қатар, қоршаған ортаға, өмірге көзқарасын, азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ерекше әсер ететеді.

Батырлар жырының оқиға желісінде күш-қайраттың серігі ретінде көрініс тауып отыратын ақыл-ой зұлымдыққа қарсы қойылған халықтық қасиет сипатына беріледі. Алапат күштің қуаты жетпеген қысылтаяң кезеңдерде ақыл-ой жол табады. Бұл тұстағы бір ерекшелік – ақыл иесінің көп жағдайда батырдың өзі емес, сүйген жары, сенімді досы, ел-жұрты болып келуі. Қаһарман күрес-тартыс үстінде, өмір талқысында шыңдалып кемелдене түседі. Жырдың айтары да адам баласының кемелдікке жетуі ақыл-парасатқа байланысты деген ойға саяды.

Батырлар жырын оқытудың қиындығы оның ұзақтығына, тілінің бүгінгі балалар үшін поэтикалық ерекшелігіне байланысты. Батырлар жырын оқытуда көңіл бөлінетін басты мәселелер мәтінмен жүргізілетін жұмыс кезеңдерінде қарастырылады. Ол кезеңдер кіріспе жұмыстар, жыр мазмұнын меңгерту бағытындағы жұмыстар, қорытынды жұмыстар болып табылады. Кіріспе кезеңде оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып батырлар жыры туралы алғашқы әдеби-теориялық ұғым беріледі, батырлар жырында халық арманы, халық тарихы жататыны түсіндіріледі. Жыр мазмұнын меңгерту бағытындағы жұмыс жоспар жасаудан басталады. Жырдың сюжеттік-композициялық жоспары жасалады да, оқушылардың көз алдына қойылады. Жырдың төмендегідей сюжеттік-композициялық жоспары ұсынылады:

- 1) Қобыландының дүниеге келуі;
- 2) Қобыландының алғашқы күресі;
- 3) Қобыландының тұлпары – Тайбурыл;
- 4) Тайбурылдың шабысы;
- 5) Қобыландыжәне қазақ хандығы;
- 6) Қобыландының тұтқынға алынуы;
- 7) Көбіктінің ащы сөзімен жеңілісі;
- 8) Алшағыр ханның сарайында;
- 9) Қобыландының Құртқа сұлуға үйленуі;
- 10) Қобыланды батырдың ұлы – Бөгенбай.

Ары қарай жырдың оқылу мәнері таныстырылады. Жырды интерактивті тақта арқылы аудиожазбадан тыңдатуға болады. Одан кейінгі жұмыс - оқушылардың жырды мәнерлеп оқуы. Басты-басты эпизодтарға бөлгізіп оқытып, арасында өз сөздерімен мазмұндатып отыру қажет. Мазмұндауды сұрақ-жауап әдісімен жүргізу тиімді саналады. Сюжеттік-композициялық жоспар бойынша басты оқиғаларын айтқызу - келесі кезең тапсырмасы. Жыр оқылып болған соң, мазмұны толық айтқызылады.

Мазмұндау жүйелі болу үшін, жауап тезисіне, жоспарына қарап айтқызыдыртқан жөн. Келесі кезең - жырға әдеби талдау жасау. Әдеби талдау жырдың идеясын, тақырыбын ашу, жыр кейіпкерлері туралы пікір жинақтау, тіл көркемдегі, өлең құрылысына талдау жасау негізінде жүргізіледі. Жырдың идеясын, тақырыбын ашу мұғалім әңгімесі мен сұрақ-жауап арқылы жүзеге асырылады. «Қалай ойлайсыңдар, жырда қандай проблемалар қоюға болады?», «Жырдың негізгі ойы қай бейнеден көбірек көрінеді?» деген сұрақтар жырдың идеясы мен тақырыбын ашуға мүмкіндік береді. Жыр кейіпкерлері туралы пікір «Қобыландының қандай қасиеттерін ерекше бөле-жара айтар едің?» Жырдағы әсірелей суреттелінген жерлерін табу, теңеулерді, эпитеттерді, диалогтерді табу, олардың жырдағы орнын, маңызын ашу, оқушылардың өздеріне ұнаған айшықты сөздер мен сөз тіркестерін тапқызу, сөздік жұмыстарын жүргізу тіл көркемдегі, өлең құрылысына талдау жасау жолдары мен тәсілдері болып табылады. Жырды талдау кезінде дайын суретті пайдалана отырып, оқушыларды сөйлетуге болады да жырды мақаммен айтқызуға талаптандыруға болады.

Қаһармандық эпос өзінің даму тарихында идеялық және көркемдік жағынын үнемі шындалып, жетілу үстінде болған. Бұл жырлар халықтың әр кезеңде жасаған ерліктерін суреттеу арқылы өсіп ұлғайған. Әрбір тарихи кезеңде, халыққа төнген қауіп кезінде асқан ерлік көрсетіп, еліне қамқор болған батырларды халық осындай эпостық жырлармен есте қалдырып отырған. Олардың батырлық бейнесін, ерлік келбетін жасаған [3].

Ерліктің, Отан сүйгіштіктің, белгілі бір мақсат жолында жан аямай күресетіндіктің, намыстылықтың неше алуан үлгісін танытатын қаһармандар эпос туындыларында көптеп кездеседі. Әсіресе қаһармандық жырларды ел жүрегіне жақын ететін олардың отаншылдық идеямен суарылғандығы. Адам қоғамы дамуының барлық кезеңінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі ең күрделі мәселе болып келген. Дәл осы аңсар батырлық жырлардың айрықша сипаты болып табылады.

Қазақ эпосының күрделі бөлігін құрайтын батырлар жырында осы белгілер толығымен бар. Әрине әрбір жырдың құрылысына, идеялық бағытына лайық ерлік идеясы түрлі дәрежеде көрініс береді. Сонда да болса қаһармандық аңыздардың басты пафосы — ерлік, Отан қорғау болып келеді.

Батырлық жырлардағы ерліктік сипаты өзгеше. Мұндағы қаһармандар ел үшін қандай да болмасын қауіпке қарсы барады, жаулармен арпалысады, неше түрлі сергелдең, сарсаңға, ауыр сындарға душар болады; ақырында жеңіске, мұратына жетеді. Міне, осындай «жеңілмейтін қаһармандарды» суреттеуі және оның басына ең асыл

қасиеттерді жиып беруі халық қиялының шексіздігін көрсетеді және эпикалық жырлардың ерекшелігін танытады

Әлдеқашан халқымыздың рухани тірегіне, дүниетанымдық тұғырына айналған бұл жырлардың, аңыз-әңгімелердің, ел ішіне кең тараған шежірелердің, барлығының көркемдік құндылығын да, идеялық бағыт-бағдарын да бағалағанда алдымен осы тарих тағылымына табан тіреуіміз аса қажет. Сонда ғана қазақ аспанында шоқ жұлдыздай жарқырап нұрын шашқан қазақ батырларының мәңгі өшпес рухы ұзақ күткен тәуелсіздігімізді баянды етуге, алған бетімізден адаспауға жол ашады. Батырлық жырлардың көтерер жүгі анағұрлым үлкен. Халық тарихында орын алған, не орын алуға тиіс оқиғалар мейлінше жинақталып, әрі іріленіп суреттелумен бірге, олардың ел-жұрт, мемлекет тағдырындағы шешуші мәніне де көңіл бөлінеді. Елді біріктірген, немесе ынтымағын ыдыратқан оқиғалар саяси тұрғыда түп-тамырымен бірге ашылып көрсетіледі. Осының бәрінің бел ортасында халықтың аңсары ауған, әсіре мадақталған, мұраттас қаһарманы жүреді. Оның іс-әрекетінде қара басының қамынан мейлінше жоғары елдік, халықтық мүдде қашан да бірінші кезекте тұрады. Сондықтан болар, жырлардағы үлкенді-кішілі оқиғалардың бәрі де сол қаһарманның іс-әрекеті мен түсінігі арқылы тізбектеліп өтіп жатады. Сол арқылы халық іс жүзінде тарихи оқиғалар мен қоғамдық-әлеум. жағдайларға өз көзқарасын білдіреді. Сөйтіп, қаһармандық эпос тарихтағы оқиғалардың халықтық тұрғыдан бейнеленген, оның халық санасындағы көркем тілмен баяндалған шежіресі қызметін атқарады. Батырлық жырлардың ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік дәстүрі бар. Оны жыр құрылымынан да, оқиғалардың орналасу ретінен де, кейіпкердің бастан-аяқ атқарған ісіндегі бірыңғай тектестіктен де көреміз.

Ел тағдырындағы батырларды бейнелеген, сомдаған өнер туындыларын сөз еткенде біз ауыз әдебиетін, яғни халық мұрасын алдымен атаймыз. Қазақтың батырлар жырының қайсысын алсақ та, бәрінің де ел бірлігі мен Отан қорғау мәселесі бірінші кезекте тұрады. Батырлардың ойы мен арманы, ел мұңы халық тағдырымен ұштасып жатыр. Сондықтан да еліміздің болашақ тұтқасын қолдарына ұстағалы отырған бүгінгі жеткіншектерге адамзаттың ақыл-ойы мен мәдениетінің дамуындағы бағалы байлықтың бәрін игере отырып, ең әуелі, туған елі мен жері дегенде көкірегі қарс айрылатан азамат етіп тәрбиелеу қажет. Ұлттық идеяның алтын дінгектеріндей бой көтерген рухани құндылықтарымыздың барлығы да бір ғана мақсат жолында, бір ғана мұратты көздейді. Ол мақсат пен мұрат түптің түбінде бізді бүгінгі ұлттық тәуелсіздігімізге, ұлттық мемлекетіміздің мәңгілік баянды болуы идеясына біріктіріп отыр. Тәуелсіздікке қол жеткізген тарихқа көз жүгіртіп, оны ұрпақ санасына сіңіре отырып, өз Отанын сүйетін, мақтан тұтатын және оның қамын жейтін, ол үшін күресе білетін азамат тәрбиелеу-біздің басты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры.- Алматы: Жазушы, 2007. – 84-94 бб.
- 2 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: – Ана тілі, 1991. – 127 б.
- 3 Бейсебаева А. Батырлар жырының негізгі арқауы // Тәрбие құралы(8), 2003.№ 6 – 9-10 бб.